



### Сарыарқа саңлағы.

(Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ақын, жазушы, публицист, драматургі Бейімбет Майлинға арналады) : научное издание / Құраст. филол. ғ.к.д. С.С. Ақашева. - Алматы : ОҒК, 2007. - 334 б. - ISBN 9965-473-98-6 . - қазақша, орысша.



**Бейісқұлов, Т. Бейімбетті атқан кім?** / Т. Бейісқұлов. – Алматы: Тоғанай Т. - 2000. – 160 бет.

Оқысы білім бұлағы,  
Оқыса елдің ұланы,—  
Тірілтіп, елге жан бітіп,  
Елі үшін жұмақ қылады.

Бейімбет Майлин

*Даңқың сенің қанат жайды қияға,  
Халқың сені ұмытпайды, Би аға!*



Құрастырған және безендірген:  
ОҚК библиографы Г. Ж. Алқайдарова  
“И. ШУХОВ АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ  
ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНА” КММ  
Мекен-жайы: СҚО, Петропавл қ.,  
Брусиловский к., 65

Телефон: 8(7152)50-04-11  
8(7152)33-19-57

Сайт: [shuhovlibrary.kz](http://shuhovlibrary.kz)  
E-mail: [shuhov\\_lib@mail.ru](mailto:shuhov_lib@mail.ru)  
[@shuhov\\_kitaphana](https://vk.com/shuhovlibrary)

<https://www.facebook.com/shuhovlibrary>  
<https://www.youtube.com/@shuhovlibrary>

«И. Шухов атындағы орталық қалалық кітапхана» КММ

*"Әңгіменің хас шебері"*



Бейімбет Майлиннің  
туғанына 130 ЖЫЛ

БУКЛЕТ

ПЕТРОПАВЛ  
2024

# "Әңгіменің хас шебері"

Бейімбет Майлин 1894 жылы қазіргі Қостанай облысының Таран ауданында кедей шаруа әулетінде дүниеге келген. Әкеден ерте айырылған ол кішкентайынан жоқшылық зардабын тартып өседі. Шешесі байдың сауыншылығында жүрсе, өзі жетіге толартолмастан қозышы бала атанады. Ауыл молдасынан сауат ашып, хат таңыған Бейімбет ауылдағы Әбдірахан Сатыбалдин деген татар молдасынан оқиды.



Көрші ауылға барып, медреседен білім алады. 1913-1914 жылдары Троицкіде «Уазифа» мектебінде, Уфадағы Ғалия медресесінде оқиды. Медреседе әдебиетке бейім жастардың «Садақ» журналы шығып тұрады. Майлин осы журналдың редакторы әрі тұрақты қаламгері болады.

1922 жылы Сәкен Сейфуллиннің шақыруымен Орынборға келіп, «Енбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне қызметке тұрады. Алғашқы «Шұғаның белгісі» повесі 1914 осында жарияланады.

Бейімбет Майлин қалам қызметіне арналған бас аяғы жиырма шақты жыл ішінде жүзге тарта новелла жазған.

Осындай адамды «халық жауы» деп 1937 жылғы түрмеге отырғызылып, 1938 жылғы 26 ақпанда Бейімбет Майлин атылды. Тек жиырма жылдан соң ақталды.



қабылдауы, қазақ даласындағы өзгерістің түрлі қыры айтылады.



## «Шұғаның белгісі»


Аталмыш

туындының тақырыбы жиырманшы ғасыр қазақ әдебиетінің ең өзекті мәселесі болып саналады. Сюжеттің басты тақырыбы – махаббат бостандығын армандаған жастар туралы. Ол реализм жанрындағы шығармаларында кейіпкерлердің образын шынайы өмірден алып, шебер суреттей білді.

## «Бейімбет әңгімелері – қазақ ауылының ұзақ та көркем шежіресі»

Мұхтар Әуезов


Дарынды жазушының шығармашылығы кең арналы, сан салалы, күрделі де көрікті әлем. Ол – сыншыл ақын, көркем прозашы, драматург, көсемсөз шебері. Оның шығармаларында қазақ ауылының, ондағы қарапайым шаруа адамдарының шынайы да сыршыл суреті бар. Майлин әңгімелерінің тақырыбы – ауыл өмірі. ХХ ғасырдың бас кезіндегі аласапыран заманды қазақтың қабылдауы, түсінуі, халыққа жат әдет - ғұрыпты күшпен таңу, оның нәтижесі жасушының әңгімелерінде ауыл кедейінің жаңа заманға бейімі, төселуі,



## «Қара шелек»

Бұл әңгімесімен Бейімбет өзінің көркем әдебиет шебер екенін дәлелдей алған деседі әдебиеттанушылар.

Жазушы бұл әңгімесінде колхоз ісін ұйымдастырып жүрген адамдардың өз арасындағы шындықты бүкпесіз баяндай білген. Бейімбет шығармаларының біз кейде көптеген қарама-қайшылықтарға ие кейіпкерлерді кездестіреміз, және оларды алда не күтіп тұрғанын болжау қиын дүние.



## «Ажырасу»

Жазушының бір мың тоғыз жүз жиырма үшінші жылы жарық көрген «Ажырасу» атты әңгімесі бар. Осы шығармасында жас жұбайлар арасындағы махаббаттың ілкі наным-сенімдермен күрес нәтижесінде қайта жанданғанын көрсетеді. Молдалардың арсыздығы мен дінбасылардың білімсіздігін сынға алған Бейімбеттей қазақ жазушылары аз.